

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1913. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.

N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшадағы:

үшінші жолдың 2 бағаны "2844" деген саннан кейін "(бөлінетін элементтері жоқ иондаушы сәулелену көздерінен басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшадағы:

екінші жолдың 2 бағанындағы "(медиц. мақсаттағы көздерден басқа)" деген сөздер "(бөлінетін элементтері жоқ иондаушы сәулелену көздерінен басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 4-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

бөлінетін элементтері жоқ 284440 Қазақстан Республикасы Энергетика, иондаушы сәулелену көздері индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті";

4) көрсетілген қаулыға 5-қосымшадағы:

он екінші жол мынадай редакцияда жазылсын:
бөлінетін элементтері жоқ 284440 Қазақстан Республикасы Энергетика, иондаушы сәулелену көздері индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК